

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 123 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру, сондай-ақ PISA халықаралық зерттеулер бағдарламасы шеңберінде білім алушылардың жетістіктерін салыстырмалы талдауға неғұрлым сапалы дайындау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 516-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары" деген 7 - б ө л і м д е :

"Бірінші кезең (2005-2007 жылдар)" деген шағын бөлімде: жиырма алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2010 жылға дейін 6238 білім беру ұйымы лингафон және мультимедиа кабинеттерімен қамтамасыз етілетін болады, бұл оқушылардың тіл дайындығын жақсартуға ықпал ететін болады.";

қырық үшінші абзацтағы соңғы сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жыл сайын Қазақстанның 3 мың азаматы жетекші шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілетін болады.";

жетпісінші абзац алынып тасталсын;

"Екінші кезең (2008-2010 жылдар)" деген шағын бөлімде он жетінші абзац "Қазақстан" деген сөзден кейін "PISA," деген аббревиатурамен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*